


Күрделі сөздер мен фразеологиялық сөз тіркестері

Орындаған: Юсупбай Ақсауле

Фразеологиялық оралымның сөзге эквиваленттілігі (баламалылығы) теориясы. Ш.Баллидің фразеологизмдерді басқа тілдік тұлғалардан ажырататын белгі ретінде ұсынған пікіріне барып тіркеледі. Оның ілімі бойынша, фразеологиялық оралымның жалпы ортақ белісі- оралымды жеке бір сөзбен ауыстыру мүмкіндігі мен мүмкін еместігі болып табылады. Оралымды жай бір сөзбен ауыстыру мүмкін болса, ол фразеологиялық единица да, ал оны бір сөзбен ауыстыру мүмкін болмаса, онда ол- фразеологиялық единица емес. Тұтас оралымды ауыстыра алатын осындай сөзді, Ш.Балли сөз – идентификатор (балама сөз) деп атады.



В.В. Виноградов өзінің фразеологияның жалпы мәселелерін талдаған мақаласында лингвистикалық пән ретінде фразеологияның қалыптасуының негізгі екі жолын, негізгі екі принципін, көрсетті және зерттеу үстінде қолданды. Біріншіден жеке сөздерден күрделірек негізгі семантикалық бірліктерді талдау мен бір-бірінен ажырату және екіншіден, әр түрлі фразаларды құрастыру процестерінің негізі болып табылатын сөз мағыналарының категорияларын анықтау мақсатында, сөздің мағыналарының түрлерінің құрылымын зерттеу принциптерін қолданды.

Сонымен, фразеологиялық оралымдарды талдаудың негізі-осы күрделі құрылымға енетін сөздерді талдау болып табылады.

Фразеологиялық оралымдар, негізінен, құрамындағы сыңарлардың сөз екендігінен күрделі сөздерден ажыратылады, өйткені күрделі сөздер қанша сыңардан я бөліктен құралмасын, олар сөз-сыңарлар емес, сөздердің бөліктері ғана. Мысалы: бәйшешек, қарақат, көкпар, ыдыс-аяқ, қол жуғыш, шекара т.б. сыңарлары бірігіп, бір ғана ұғымға атау болып тұр. Фразеологиялық оралымдар өзінің семантикалық тұтастығымен ерекшеленеді де, сыртқы тұрпаты жағынан еркін сөз тіркестеріне ұқсайды. Ал сөздер қандай да болмасын күрделі құрамда бола тұрып, барлық уақытта тұтаса тұлғаланады.



1-тапсырма ТЕСТ



1. Зат есімнен сын есім жасап тұрған жұрнақты тап.
А) Баспахана үйі. В) Биіктеу адам. С) Малды ауыл.
Д) Сыпайы бала. Е) Кішкене төбешік.
2. Дара сөзді көрсет.
А) Өнеркәсіп. В) Ер-тұрман. С) Қарасу. Д) Өнімділік. Е) Үлкен-кіші.
3. Сөз түрлендіруші жұрнағы бар сөзді тап.
А) Қызғылт. В) Көрме. С) Үрле. Д) Күлкілі. Е) Бағала.
4. Сырттай қарағанда сөз тіркесіне ұқсас сөздер тобының қатарын көрсет.
А) Сәнді киім. В) Келе жатыр. С) Қызу еңбек. Д) Кеше келді. Е) Ақ ешкі.
5. Күшейткіш үстеуі бар сөйлемді көрсет.
А) Аққасқаны Қасен мен Бейсенбай зорға айырып алды.
В) Аққасқа көлденең келіп, Көксеректі құлақ шекеден ала түсті.
С) Шарасыздан айтқанға келісті.
Д) Жаздыгүнгідей емес, ауыл үйлері біріне-бірі әдейі жақын қонған.
Е) Ауыл реңі мүлдем жүдеу еді.
6. Сөйлемде кездесетін оқшау сөздің түрлерін көрсет.
Ей, сен, жаңылмасам, біздің қақпанға талай кездескен кәрі қасқыр көрінесің.
А) Тек қана қыстырма сөз. В) Қаратпа сөз, жалғау.
С) Одағай сөз, қаратпа сөз. Д) Қаратпа, қыстырма. Е) Қаратпа, шылау.
7. Еліктеудің қай түрі, анықта.
Біреу оқыс жөтеліп қалса-ақ, ала қашатындай елең-елең етіп, ойнақшып келеді.
А) Дыбыстық. В) Туынды еліктеуіш. С) Дара бейнелеуіш.
Д) Негізгі еліктеуіш. Е) Күрделі бейнелеуіш.
8. Қай сөз жіктелмейтінін көрсет.
А) Көз. В) Келгем. С) Студент. Д) Жазды. Е) Сөзімтал.
9. Есім сөзден жұрнақ арқылы жасалып тұрған туынды сөзді көрсет.
А) Төзім. В) Үлкен. С) Шашпа. Д) Шолақтау. Е) Денелі.
10. Бірігу арқылы жасалған жұлдыз аттарын көрсет.
А) Мырзашөл, қосаяқ. В) Атауыз, Алакөл. С) Қаражорға, Есекқырған.
Д) Жетіқарақшы, ұлтабар. Е) Ақбозат, Темірқазық.



2-ТАПСЫРМА

Сызбаны түсіндіріңдер. Дара және күрделі сөздерге мысал келтіріңдер.



Сөздер

Дара

Күрделі

1. Түбір сөз
2. Туынды сөз

1. Біріккен сөз
2. Қос сөз
3. Қысқарған сөз
4. Тіркесті сөз



3-ТАПСЫРМА



Берілген тұрақты сөз тіркестерін түсіндіріп бер

Ағама жеңгем сай, апама жездем сай .Ағынан жарылды .Ажал оғы..
Атылды . Ажары кірді. Аузы алты қарыс .Азуын айға білегенАйдар тақты
.Айдарынан жел еседі .Айды аспанға бір шығарды .Айдың күні аманда .
аймандай қылды .Айна қатесі жоқ(айна қатесіз) .Айтаққа ерді Айтқан сөз
құлағынан ағып кетеді .